

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" және "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 5 желтоқсандағы N 2672 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес және қолданып жүрген заң актілерін Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру мақсатында Қаулы Етемін:

I. Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар мынадай Жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің N 2155 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат):

1) 2-баптағы "осы Заңды", 13-баптағы "осы Заңда", 19-баптағы "осы Заңға", 28-баптағы "осы Заңға", "осы Заңды", 52-баптағы "осы Заңда", 54-баптағы "осы Заңда", 58-баптағы "осы Заңға", 72-баптағы "осы Заңды" сөздері тиісінше "осы Жарлықты", "осы Жарлықта", "осы Жарлыққа", "осы Жарлыққа", "осы Жарлықта", "осы Жарлықта", осы Жарлықта", "осы Жарлыққа" және "осы Жарлықты" сөздерімен алмастырылсын;

2) 1-бапта:

екінші бөліктегі "бұдан былай" сөздері алынып тасталсын;

бесінші бөліктегі "Қазақстан Республикасындағы банктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және басқа зандарда" сөздері "Қазақстан Республикасының банк және өзге зандарымен" сөздерімен алмастырылсын;

3) 2-бапта "Қазақстан Республикасындағы банктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңын" сөздері "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын" сөздерімен алмастырылсын;

4) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Президентіне есеп береді.

Қазақстан Республикасының Президентіне есептілік мынаны білдіреді:

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Парламентінің келісімімен Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасын тағайындауы; оны қызметтөн босатуы;

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарларын қызметке тағайындауы және қызметтен босатуы;

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Ұлттық Банкінің жылдық есебін бекітуі;

Қазақстан Республикасы Президентінің ұлттық валюта-Қазақстан теңгесі банкноттары дизайнының тұжырымдамасын бекітуі;

Қазақстан Ұлттық Банкінің өз құзыретіндегі мәселелер жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті сұрау салған ақпаратты табыс етуі";

5) 8-бапта:

"а)" тармақшасы "бірден-бір эмитенті болып табылады" сөздерінен кейін "бағалы қағаздар эмиссиясын жасайды" сөздерімен толықтырылсын;

бап мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкі эмиссия жасайтын бағалы қағаздар мемлекеттік бағалы қағаздар болып табылады және олар жөнінде Қазақстан Ұлттық Банкі жауап береді";

"с)" тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"с) төлем құжаттарының қолдан жасалғандығын растайтын құжаттар бар болған ретте және оларды жаңылыс есепке алу фактісі белгілі болса, клиенттер мен банктердің шоттарынан олардың келісімінсіз ақша қаражатын есептен шығаруға, сондай-ақ заемшының шоттарынан, ол кредит шартының талаптарын бұзған жағдайда, берілген кредиттер мен есептелген проценттердің сомасын оның келісімінсіз есепте шығаруға құқығы бар";

6) 13-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасын Парламенттің келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті 6 жыл мерзімге тағайындауды";

7) 15-баптың бірінші бөлігінде:

" в)" тармақшасындағы "Жоғарғы Кеңес" сөзі "Қазақстан Республикасының Президенті" сөздерімен алмастырылсын;

"к)" тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"к) Қазақстан Ұлттық Банкінің жұмысы туралы жылдық есепті қарау қабылдау және Президенттің бекітуіне ұсыну";

"л)" тармақшасындағы "пайда мен шығын есебін" сөздері "пайда мен шығын туралы есепті" сөздерімен алмастырылсын;

бап мынадай мазмұндағы "р)" тармақшасымен толықтырылсын:

"р) Қазақстан Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің (Директорат) құрамын бекіту";

8) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы тоғыз адамнан тұрады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасының құрамына Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы, оның төрт орынбасары және Қазақстан Ұлттық Банкі бухгалтерлік

қызметінің басшысы, Қазақстан Республикасының Президентінен бір өкіл және Қазақстан Республикасының Үкіметінен екі өкіл кіреді.

Казақстан Республикасы Президентінен, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Ұлттық Банкінен Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының мүшелерін тиісінше Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы тағайындауды және босатады";

9) 18-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен босатады";

төртінші бөліктегі "мен Басқарма мүшелері" сөздері алынып тасталсын;

10) 19-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы, оның орынбасарлары, Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Ұлттық Банкі құрылымдық бөлімшелерінің басшылары кіреді. Қазақстан Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің құрамын Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы бекітеді";

11) 21-бапта "заңмен" сөзі "заң актілерімен" сөздерімен алмастырылсын;

12) 34-баптың бірінші бөлігіндегі "Республикалық бюджет туралы" Занда жыл сайын" сөздері "кезекті қаржы жылына республикалық бюджетте жыл сайын" сөздерімен алмастырылсын;

13) 44-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақша бірлігін айырбастауға Қазақстан Республикасы Президентінің құқығы бар. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы ақша бірлігінің қолданылу тәртібін, мерзімін және шарттарын белгілейді";

14) 57-баптың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"- Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарында белгіленген тәртіппен бағалы металдарға, асыл тастар мен зергерлік бұйымдарға қатысты операцияларға лицензиялау жүргізуге";

15) 58-бапта:

екінші бөлік "Алтын-валюта" сөздерінің алдынан "Қазақстан Республикасы Президентінің шешімдерінде көзделген жағдайларды қоспағанда" сөздерімен толықтырылсын;

үшінші бөлікте:

екінші абзацтағы "Алтын қоры және алмас қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңына" сөздері "бағалы металдар мен асыл тастарға қатысты қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарына" сөздерімен алмастырылсын;

алтыншы абзацтағы "Жоғарғы Кеңесі мен" сөздері алынып тасталсын;

16) 66-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкі жыл сайын Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне жылдық есеп беріп отырады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Ұлттық Банкінің есебін қарап, оны бекіту туралы шешім қабылдайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі келісілген мерзімде Қазақстан Республикасының жиынтық қаржы балансын жасау үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Қазақстан Ұлттық Банкінің жылдық балансы және пайdasы мен шығын туралы есеп беріп отырады";

17) 67-баптың бірінші бөлігіндегі "пайdasы мен шығынының шотын" сөздері "кірістерімен шығындары туралы есебін" сөздерімен алмастырылсын;

18) 68-баптың үшінші бөлігіндегі "Жоғарғы Кеңесінің немесе" сөздері алынып тасталсын;

19) 69-бапта "осы" сөзі тиісті" сөзімен алмастырылсын;

20) 71-баптың атауы мен мәтіні мынадай редакцияда жазылсын:

"71-бап. Наразылық пен қуыннымның ескіру мерзімі

Қазақстан Ұлттық Банкінің кредит шарттарының тиісінше орындалмауы жөнінде заемшыларға қоятын талаптарына наразылық пен қуыннымның ескеру мерзімі қолданылмайды".

2. "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 сәуірдегі N 2227 Заң күші бар Жарлығының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 5, 39-құжат) 3-бабының төртінші абзацы "мемлекеттік борыш" сөздерінен кейін "және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздары" сөздерімен толықтырылсын.

II. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті